



№ 10
(1402)
Сенбі
28 қантар
2017 жыл.

Газет
2003 жылдың
5 қантарынан
шығады



QAZAQSTAN RESPIBLIKASY



Аймақтық
ақпараттық
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БИЛІК ТАРМАҚТАРЫ АРАСЫНДА ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҮНДЕУІ

Құрметті қазақстандықтар!

Сіздердің назарларыңызға еліміз үшін аса маңызды, тағдырлы мәселені ұсынамын.

Бұл – Конституция мен заңдарға өзгерістер енгізу.

Біздің алдымызда билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлу міндеті тұр.

Қазір заманның диалары өзгерді.

Біз де өзгеруге тиіспіз.

Сол себепті, мемлекеттің басқару жүйесін де жаңыртатын кез келді.

Мен елдің мүддесі мен заманның талабын, ұрпақтың болашағын ойлай отырып осындай байдам жасадым.

Арайлы құрылған жұмыс тобы атқарылған істерді баяндады.

Реформа екі негізгі бағыт бойынша іске асады.

Біріншіден, Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама

өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы

органдарға берген жөн.

құрылды. Олар жаман жұмыс істеген жоқ.

Мен топтың жұмысы туралы есепті тыңдадым.

Алдағы реформа біздің дамуымыздың қосыны мен тұтастай кезіргі заманғы даму қосынына арқа сүйейді.

Негізгі мәні – Президент өзінің бірқатар өкілеттігін Парламент пен Үкіметке береді.

Күшті президенттік вертикаль бізге мемлекет қалыптастырудағы орасан қуылыстарды енгісеру барысында қажет болады.

Бұл уақытында өзін ақтады. Біздің барлық жетістіктеріміз дәл осы жүйе кезінде жүзеге асырылды.

Бұл реформа басқару жүйесінің тиімділігін арттыруды көздейді.

Біз жана мемлекет, жана экономика, жана қоғам құрдық.

Біз іргесін қалаған даму траекториясының дұрыстығын тарихтың өзі қуаттап отыр.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өткен

Аталған салаға толық көлемінде Үкімет, министрліктер мен әкімдіктер жауап беруі тиіс.

Өкілеттіліктерді беруді тиісті заңдарға өзгерістер енгізу есебінен қамтамасыз етуге

болады. Үкіметке немесе Парламентке беруге болатын 40 шақты өкілеттік бар.

Бұл түзетулерді қабылдау үшін Үкімет Парламентке үстемдік сессияның аяғына дейін

басым ретпен енгізеді.

Екіншіден, бұдан да күрделірек міндет – билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастарды конституциялық деңгейде теңгеру.

Парламенттің Үкімет жасақтаудағы рөлін күшейту, Министрлер Кабинетінің депутаттар корпусы алдындағы жауапкершілігін арттыру маңызды.

Парламенттік сайлауларда жеңіске жеткен партия Үкіметті жасақтауға шешуші түрде ықпал ететін болады.

Осыны басшылыққа ала отырып, Үкіметтің өкілеттігін бұрынындай Президенттің емес,

Жұмыс тобы оған әрі де жұмыс істей беретін болады, олардың осы мәселелерді жан-жақты зерттеп және оған арғы қоғамдық талқылау үшін ұсыныстар пакетін дайындауы қажет.

Ұсынылып отырған бағдарлама үш міндетті шешуге жағдай жасайтын болады.

Біріншіден, көптеген жылдарға күні бұрын саяси жүйе тұрақтылығының қорын жасау.

Екіншіден, Үкімет пен Парламенттің рөлін арттыру кезіргі заманғы сын-тегеуріндерге жауап қайтарудың неғұрлым тиімді механизмін бермек.

Иә, бұл басқарудың неғұрлым күрделі жүйесі, бірақ қоғам да неғұрлым күрделі бола түсп.

Мен Президент ие өкілеттіктердің айтарлықтай бөлігін беруге саналы түрде барып отырмын.

Мен мұны жалғыз ғана мақсатпен – елді басқарудың неғұрлым тиімді, орынықты, заманауи жүйесін құру үшін жасап отырмын.

Үшіншіден, әлемде мемлекеттік құрылыстың әмбебап моделі жоқ. Бәрі де ізденіс үстінде.

Аймақтың «Тұран-Қазалы» 1966 жылдан 1975 жылға дейін газетінің редакциясы марқұмның туған-туысқандарына, жолдас-хаттары, ауыл шаруашылығы бөлімдерінің меңгерушісі болып, ауданның сан-салалы өмірін жан-жақты жазып көрсетуде газеті редакциясының ұжымы.

ЕСКЕ АЛУ



Осы жылғы 1 қаңтарда ашық күнде аспаннан жай түскендей, шаңырағымызды шайқалтып, жүрегімізді қан жылатып аяулы аямыз Мұқашева Күлбазар Төбекенқызын аяусыз ажал ортамыздан алып кетті. Қайран дүниенің қалтылдаған қайығы келмес сапарға жол тартып, аяулы аямызды алып кеткеніне қырық күн толады. Ардақты аямыз 1968 жылғы 12 қарашада дүниеге келген. Қазалы аудандық поштасында хат тасушы болып абыройлы еңбек етті. Аямыз ажарқын, аккөңіл, ағайын-туыс, дос-жарандарына сыйластығы мол абзал жан еді. Алланың ісіне шара бар ма? Өкініп, бармақ тістегеннен басқа амал жоқ.

Өзінді ойлап, сағынумен ай өтті, Қайғы-мұнмен қалжыраттық жүректі. Амал бар ма, тағдыр ісі осылай, Асыл анам, абзал анам-тілекші. Айлар жылжып, күндер өтті аралап, Мейіріңнен бізге жылу тараған. Періштем боп бізді қорғап жүрмісің, Көк жүзінде жылуымен, жан анам. Абзал аямызды сағына еке алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болып, Алла алдынан жарылқасын деп тілейміз. Барша ағайын-туыс, құда-жекехат, дос-жаранды 4 ақпанда сағат 12-де берілетін қырық күндік садақасына шақырамыз. Мекен-жайымыз: Өйтеке би кенті, 5-ші квартал аймағы, Б.Момышұлы көшесі, №6 үй.

Бауырлары, балалары: Алмат-Бақытқұл, Асхат, Тенік, Мақсат, немерелері: Ринат, Рысбек.

Газетіміздің келесі нөмірі 4 ақпан, сенбі күні шығады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР
Әлмәмбет ӘНШЕВ

Орынбасары
Ғазиз Әліш

Жауапты хатшы
Сәуле Жалдыбаева

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-т куәлігі берілген

Жоғары оқу орны — ҰЛТ ҮДЕСІНЕН ШЫҚҚАН ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

«Шын алтынды мақтаудың керегі жоқ» дегендей, кез-келген талапкер жарнамасыз жақсы көретін оқу орны — Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті — менің де арманым болатын. Бір ізді білім мен үздіксіз оқудың нәтижесінде көздеген мақсатыма қол жеткізе алдым.

Айтса айтқандай, ҚазҰУ — нағыз білім ордасы екен. Биыл ҚазҰУ-дың әлемдік дәрежедегі орны одан сайын жоғарылады. Әрине, оның бәрі-сол жердегі шәкірт үшін аянбай еңбек етіп жатқан ұлағатты ұстаздардың еңбегінің жемісі.

Әлемде өзін ойып тұрып алатын өзгеше орны бар оқу орны мені жүйелі білімі, орынды талабы һәм республикаға мәшһүр оқытушыларымен одан сайын тәнті етті.

Дарынды ұстаздар мен жанашыл оқытушылар өзіндік ерекшеліктерімен мектепті жана бітірген талапкерлердің ғылымға деген қаламын жасатып жатқандай.

Ұлттық оқу орнынан білім нәрімен сусындап шыққан әр маман елдің тұтқасын ұстайтын тұлға болары хақ. Қазіргі халық білетін ел үшін қызмет етіп жүрген жандар сол ҚазҰУ түлегі болғандығы — сөзіме дәлел.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сеніп, ел болашағын қолына тапсырған жастарды тәрбиелеп, қоғамға қалыптастырып жатқан Ұлттық оқу орнының мәртебесі уақыт өткен сайын биіктемесе, төмендемесі сөзсіз.

Алматы қаласына келіп, Қазақ Ұлттық

университетіне оқуға құжаттарымды тапсырып жүрген кезімде, оқу орнына деген ойымды өлеңмен жазған едім:

Жанкүйері болып көрмей жат істің,
Жүрек қалап игі істерге қатыстым.
Алматыға арман қуып келген ем,
Сыр елінен пойызымен батыстың.

Ақ Алматы, қондырмап ең кімге бақ,
Ірілікпен тұрған сенде ірге нақ.
Аузы ашылған ақыны едім ауылдың,
Көзім түсті ҚазҰУ-ға бірден-ақ.

Кімдер сенің қадірңді ұқпаған,
Қасиетіңді біліп тұр-ау нық балаң.
Жұрт сүйсінген ұлттық оқу орнынан,
Ұлтм деген қандай ұлы шықпаған?!

Занғарына көрінбей ме зор күшім,
Білмей тұрсың болар ұлдың болмысың.
Сенде мендей көп болса да ақындар,
Мен қалайтын жалғыз оқу орнысың.

Бәлкім, сөзім көрінеді күлкілі.
Саған қолы әрен жеткен ақынмен,
Мақтанасың сен де, мүмкін, бір күні.
Өлеңімді аяқтай келе, бабамыздан мұра боп қалған қасиетті сөз өнерін толық менігеріп, оның мәні мен мағынасын терең ұғынғысы келген жас өрен Ұлттық оқу орнының филология және әлем тілдері факультетіне оқуға түсуі керектігін ұқтым.

Ернұр НҰРҚАСЫМ.
ҚазҰУ студенті.

Жарнама

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Өйтеке би кентіндегі Желтоқсан көшесі, №10 үйдің 8-ші пәтері сатылады. Бағасы-келісім бойынша. Байланыс телефоны: 8702 922 45 10.



Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор-2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары-2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер-2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болды.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru Таралымы 10115 дана.